

Айдар А.М., Айдарова М.М.

**Қазақ көркемсуретті
киносындағы қоғам көрінісінің
өзгеру сатылары**

Бұл мақалада дәстүрлі қазақ ауылының модерн-қоғамына өзгеру жолы және оның кинодағы көрініс табу мәселелері қарастырылады. Заманауи қазақстандық қала дәстүрлі қоғамның 1917 жылғы Қазан төңкерісі, Кеңес Одағының пайда болуы, күштеп ұжымдастыру, ұлы жұт, «қызыл қырғын» атанған Сталин заманындағы қазақ зиялыларының жаппай өтлірілуі, қазақтардың жайылым жерлерін қысқартуға әкелген тың жерлерді игеру бағдарламасы, екі онжылдықтың ішінде қазақ әліпбиінің төте жазудан алдымен латын, кейін кириллдік жазу үлгісіне ауыстыру отаршылдық саясаты сияқты үлкен әлеуметтік өзгерістердің салдарының ықпалы өте зор.

Түйін сөздер: кинематограф, көркемсуретті фильм, дәстүрлі және модерн қоғам, ауыл, қала, цензура, идеология.

Aidar A.M., Aidarova M.M.

**The stages of transformation of
the society's reflection in kazakh
feature films**

In this paper discusses the issues of transformation of traditional society's reflection in the Kazakh feature film – Kazakh village in modern society. Modern Kazakh city carries echoes of powerful social upheavals, which was subject to a traditional society as a result of the October revolution of 1917, the formation of the soviet state, forced collectivization, famine, physical destruction of the national intelligentsia during the Stalinist repression called «red terror», colonial cultural policy with the change in the two decades of the alphabet with the Arabic alphabet to the Latin alphabet first, then to the Cyrillic alphabet, virgin lands campaign, when there were plowed pasture land of Kazakhs.

Key words: cinematograph, feature film, traditional and modern society, village, city, censorship, ideology.

Айдар А.М., Айдарова М.М.

**Этапы трансформации
отображения общества
в казахском игровом кино**

В данной статье рассматриваются вопросы отражения в казахском игровом кино трансформации традиционного общества – казахского аула в модерн-общество. Современный казахстанский город несет в себе отголоски мощных социальных потрясений, которым было подвержено традиционное общество в результате Октябрьской революции 1917 года, образования Советского Союза, насильственной коллективизации, голодомора, физического истребления национальной интеллигенции в годы сталинских репрессий, названного «красным террором», колониальной культурной политики с изменением за два десятилетия алфавита с арабской графики сначала на латиницу, затем на кириллицу, поднятие целины, когда были распаханы пастбищные земли казахов.

Ключевые слова: кинематограф, игровой фильм, традиционное и модерн-общество, село, город, цензура, идеология.

**ҚАЗАҚ КӨРКЕМСУРЕТТІ
КИНОСЫНДАҒЫ
ҚОҒАМ КӨРІНІСІНІҢ
ӨЗГЕРУ САТЫЛАРЫ**

Егемендікке қол жеткізумен бірге өткеніміз бен бүгінімізге есеп беріп, қоғамымыздың дүниетанымдық болмысының трансформациялануы көкейкесті мәселеге айналып отыр. «Ғылыми әдебиетте кеңінен тараған «фильмдер қазіргі қоғамның айнасы болып табылады» деген тезисті 1927 жылы З. Кракауэр сипаттады» [1, 67 б]. Кино – өмір айнасы, экрандағы қоғам өмірінің көрінісі, ол – режиссерлар тарапынан өз қоғамына берген анализ. Бір кезенді, қоғамды әр автор өз қабылдауында басқа режиссерға ұқсамайтын бір-біріне қарама-қайшы полюстан қарайтын сараптама арқылы өзіндік дүниетанымда береді.

Кез-келген шығармадағы кейіпкерлердің өзара қатынасы, оқиға барысы сол оқиға өтіп отырған ортамен тығыз байланысты. Қоғам өмір сүретін орта бейнесі көрініс тапқан фильмдерде қандай идеологиялық эсер орын алса да, қоғам өмірінің артықшылық тұстары мен кемшіліктерін көрушіге хабардар етеді. Фильмдер қоғам өміріндегі саяси, рухани, әлеуметтік өзгерістер мен мәселелердің көрінісін айшықтап отырады. Сараптама жүргізе отырып, суреткердің шығармашылығының арқасында саяси қыспақтың қай уақытта қандай деңгейде орын алғанын да біле аламыз.

Бұл мақалада біз әр кезеңдегі саяси, идеологиялық мәселелерге сай, қазақ қоғамының өмір сүру ортасы болып табылатын ауыл және қала кеңістігіндегі қоғамның көркемсуретті қазақ киносындағы көрінісінің өзгеруіне шолу жасай отырып, әр кезеңге тән сипаттама беру арқылы, дәстүрлі және модерн қоғам арасындағы қайшылықтар мен тартыстарды және оның экрандағы көрінісінің өзгеру сатыларын айқындауды, сонымен қатар, қарастырылып отырған кезеңдерде түсірілген фильмдердің негізінде уақыт пен оқиға орын алып жатқан кеңістікке сәйкес қоғам бейнесін ашуды көздейміз.

Қазақ көркемсуретті киносындағы қоғам көрінісінің өзгеріске ұшырау сатылары негізгі екі бөлікте қарастырылады: 1938-1988 жж. кеңестік кезең және 1988 – 2000- жылдар аралығындағы өтпелі кезең мен тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы. Осы аталған екі кезеңде қазақ киносындағы қоғам өзгерісі айқын орын алғандықтан, зерттеу пәні ретінде қарастырылады.

Кеңестік кезең: социалистік идеология аясындағы өмір мен өнер. Кеңестік дәуірде қазақтың дәстүрлі өмірі түбегейлі түрде

өзгеріске ұшырады. Қазақ халқы кеңес дәуірінде қиын сынақтардан өтті: көтерілістер, қозғалыстар, ұжымдастыру, аштық, конфискация, репрессия, Ұлы Отан соғысы, ең ауыры – халықтар арасындағы ұлттық айырмашылықтың, дін, тілдің жойылуға жақын қалуы халық өмірінде өзін қалдырды. Кеңестік тазартулар, бұқараның өмір салтын жоспармен ұйымдастыру, гендерлік саясат, бұқараны жаппай жұмысқа тарту, халықтың тұрмыс тіршілігін қалыптастырды.

Қазақ қоғамында ашық көрініс табатын екі мәдениет бар. Ол урбандалуға ұшыраған қала және дәстүрлі деп саналатын ауыл мәдениеті. Бұл екі адам тіршілік ететін аймақтың өмірі мен мәдениеті қатар ұштасып келе жатқан құбылыс. Кеңес дәуірінде ауыл мен қала арасында аса үлкен айырмашылық болған жоқ. Себебі, ол идеологияға сәйкес адамдар ұлт, дін, тіл, мәдениет, байлық, т.б. белгілер бойынша бір-бірінен өзгешеленбеуі қажет еді. Адамдарды ұқсас, тең, бірдей қалыпқа келтіруді көздеді, ешбір азамат тұлға болып жеке дара коллективтен суырылып шығуына мүмкіндік болмады. Индивидке тән қасиеттерден айыру мақсатында адамдарды үлкен идеологиялық тазартулардан өткізді. Адам тек ұжыммен бірге ғана болған жағдайда алға ұмтылып, мемлекетке, социализмге пайдасын тигізе алады деп ұқтырды.

Қазақ көркемсуретті киносының тарихы кеңес үкіметінің идеологиясымен, жүргізіп отырған саясатымен тығыз байланысты. Бұл өз тарапынан фильмдердің экрандағы мазмұны, тақырыптық көрінісі, кейіпкерлер бейнесіне ықпал еткені анық. Осы ықпалдың әсері экрандағы қоғам көрінісінің өзгерістерін орын алған саяси жағдайға сай – кей кезде ашық, кейде астарлы мағынасымен көрермен назарына жеткізіп отырды.

Дәстүрлі және модернистік қоғамның екі түрі – қала мен ауылдың кинематографтағы көрінісі, оның тарихта жаңа ойын-сауық түрінде пайда болған сәттен бастап, экрандық өнер ретінде дамуының әрбір сатысында орын алды. Мәселен, ағайынды Люмьерлердің алғашқы фильмдері қала тақырыбында түсірілген болатын: «Поездың Ля Съота вокзалына келуі» (1895), «Жұмыскерлердің фабрикадан шығуы» (1895) т.б.

Қазақ даласына 7-ші өнер аталған кино өнері Кеңес Одағымен бірге келді. Алғашында хроникалық фильмдер түсіріп, партия үшін қызмет атқарған туындылар агитациялық болды. Алғашқы көркемсуретті қазақ фильмі болып табылатын «Махаббат дастаны» (реж. Шәкен Айманов, Карл Гаккель, 1954) кинотуындысы 50-ші жылдарда ғана дүниеге келді. Бұл фильмге дейін

қазақ жерінде фильмдер түсірілді, алайда олар тек Қазақстан тақырыбына, қазақ актерлерінің қатысуымен түсірілген фильмдер еді. Қазақстан тақырыбына түсірілген дыбысты фильм болған «Амангелді» (реж. Моисей Левин, 1938) кинотуындысы кеңестік идеологияға қарай жұмыс істеді. 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдар ортасында кеңестік өнерде, оның ішінде кинода алға қойылған мақсат, қоғамды оның дамуы мен алға жылжуы тұрғысынан көрсету еді. Кеңестік цензура мен идеологияға байланысты қоғамда орын алып жатқан кемшіліктер мен күрделі мәселелер көрсетілмеді. Сол кезең киношығармаларында негізінен ескішілдік пен жаңашылдықтың күресі орын алып, екіншінің жеңісімен аяқталып отырды. Фильмдегі басты кейіпкерлер қоғамның қозғаушы күшіне, түрткісіне айналып, қаһармандық бейнелер жасалды. Осы кезеңде түсірілген фильмдер партия тарапынан қатаң қадағаланды, түзетулерден өтті, өз нұсқауларын міндеттеді. Тапсырыстық немесе өзгерістерге ұшыраған фильмдер өздерінің көркемдік қасиеттерін жоғалтты, және де фильм авторларының шығармашылық тұрғыдан ашылуларына мүмкіндік болмады. «Елуінші жылдар тұсында қазақ кинематографистері үшін басты мақсат – экранда жағымды кейіпкерлердің бейнесін ашу болды. Алайда кейіпкердің бітім-болмысы сценарий негізіне алынған басты конфликтіден алшақтап қалып отырды. Нәтижесінде жағымды кейіпкердің бейнесі жекелеген қасиеттері мен мінез-құлқының қосындысында бөлшектеніп кетеді» [2, 56 б]. Осы уақытта экранға «Абай әндері» (реж. Григорий Рошаль, Ефим Арон, 1945), «Жамбыл» (реж. Ефим Дзиган, 1952), «Девушка-Джигит» (реж. Павел Боголюбов, 1955) фильмдері шықты.

Кеңестік кезеңде қазақ киносының ең жемісті шақтары деп алпысыншы, жетпісінші жылдарды айта аламыз. Шынайылыққа жақын, халықтың әлеуметтік мәселелерін көрсететін, қазақтың ішкі психологиясын айқындайтын фильмдер жылымық кезеңімен бірге келді. Ол кезеңдерде тоталитарлы емес фильмдер дүниеге келді. Ұлттық кинорежисурамыз қалыптаса бастады, ең көрнекті өкілдері ретінде Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Сұлтан Қожықов, Абдолла Қарсақбаевтарды атауымызға болады. Бір топ кинорежиссерлармен қоса қазақ киносына жазушылар келді. ««Тоталитарлы емес» кинокартиналардың пайда болуы, киноға келген Олжас Сүлейменов, әкім Тарази, Қалихан Исаков сынды жас дарынды жазушылар мен драматургтер есімімен байланысты» [3, 202 б]. Б.Р.Нөгербек

өзінің «Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино» атты монографиясында осы кезең туындыларын, кейіпкерін төмендегідей сипаттайды. «1960-шы және 1970-ші жылдардың бас кезіндегі қазақ кинодраматургиясы мен кинорежиссурасын қоғам өмірінің өзгерісті сәтіндегі тұлғаның драмасы мен трагедиясының көрінісіне, орталық қаһарманға тікелей бағдарланған деп сипаттауға болады... Бұл көркемсуретті кинокартиналардың философиялық астары кеңес киноавангардына тән пафостан тазартылған: тарихты адам жасамайды, өз тағдырында мемлекет тағдырын, оның тарихи қалыптасу шағын айнадай суреттейтін тұлғаларды уақыт өзі туады» [3, 221-222 б]. Шәкен Аймановтың «Біздің сүйікті дәрігер» (1957), «Бір ауданда» (1960), «Алдар көсе» (1964), «Атамекен» (1966), «Тақиялы періште» (1968) фильмдері, Мәжит Бегалинның «Оның уақыты келеді» (1957), «Тұлпардың ізімен» (1964) кинокартиналары, Абдолла Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» (1963), «Қилы кезең» (1966) кинотуындылары, Шәріп Бейсембаевтың «Гауһартас» (1975) фильмі кеңестік қазақ кинематографында үлкен орын қалдырды. Осы фильмдердің негізінде, сол кезге негізінен кеше мен бүгіннің, дәстүрлі мен модерннің тартысы тән екенін аңғардық. Бір ұрпақтың екінші ұрпақты жалғауы емес, алмастыруы орын алып отыр, құндылықтардың бағалануы өзгеріске ұшырады, ата жолын жалғастыру емес, модернизацияның ролі басым түсті. Ауыл тақырыптарына түсірілген фильмдерде әлі де болса дәстүр біржола келе жатқан модерн қоғаммен арпалыста болды, алайда фильм финалында модерн жеңіске жетті, себебі болашақ жастардың еншісінде еді. Посткеңестік кезең: бірегейлікті іздеу жолында 1980-ші жылдардың екінші жартысында Кеңес Одағы аумағында М.С.Горбачевтың ұрандауымен «Қайта құру» («Перестройка») басталады. Осы уақытқа дейін болған қатал цензураның күші әлдеқайда бәсеңдей түсті. Одақтас социалистік мемлекеттерде коммунизмге қол жеткіземіз деген утопиялық идеяға халық арасында көзқарас өзгерді. Бұл үрдіс жаңа киноның дүниеге келуіне өз әсерін тигізді. Осы кездерден бастап одақтас мемлекеттерде түсіріліп жатқан фильмдердің мазмұны мен формасы өзгере бастады. Сол тұста қазақ кинематографистерінің жұлдызы жанды деуге болады. 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында қазақ киносында «жаңа толқын» атты көркемдік бағыт пайда болды. Бауыржан Нөгербектің: «... көзге көрінетін экрандық құжат есебінде түсірілген «қазақ жаңа толқыны» филь-

мдерінің («Қиян» (1989), «Ақсуат» (1997), «Кардиограмма» (1995), «Қайрат» (1991), «Киллер» (1998) көркемдік және мәдени-тарихи құндылығы жыл өткен сайын арта түседі, себебі, бұл кинотуындылар, өзінің көркем-суретті табиғатына қарамастан, уақыт өте келе, өзгерістер кезеңін, егемендік алған Қазақстан Республикасының алғашқы тәуелсіз қадамдарын айғақтайтын кинематографиялық-мұрағат құжаттары деңгейіне дейін көтеріледі» [3, 304 б] деген тұжырымдары осы кезең киносына берген объективті бағасы.

Адам санасының қиындық шеңберінен шығар жол таппай, күйзеліске түсулері, олардың деградацияға ұшырап, адами болмыстарының өзгеріске ұшырауына себеп болды. Рухани азғындауға әкеліп соққан, ішімдік, оның салдарынан ұрыс-керіс, жанжал, ұрлық, адам өлімі, отбасының ажырауы, құндылықтардың төмендеуі, бала тәрбиесінің жайында қалуы, әлі күнге дейін шешуін таба алмай келе жатқан қаракөз қандастарымыздың, қыздарымыздың жеңіл жүрісті жолға түсуі белең алды. Нарықтық заманның орнауымен, базарға шыққан аналарымыз, шарасыз күйде қалған әкелеріміздің бойларында уайым қайғыдан ащы запыран қалған. Тәуелсіздіктің екінші онжылдығында түсірілген фильмдерде осы жағдайлардың салдарын көреміз.

Қазіргі таңдағы жаңа технологияларды еңгізудің арқасында, білім саласындағы жаңашылдықтар балалардың сол енгізіліп отырған заманауи, модернистік жаңаруларды тексеретін құралдарға айналып жатқаны тағы бар.

Қазіргі таңдағы нарықтық жағдай қоғамды байлар мен кедейлерге бөлді. Бұл жағдай қала мен ауыл халқына да әсер етпей қоймады. Ауыл тұрмысының қала жағдайына қарағанда әлеуметтік-экономикалық, ақпараттық салада артта қалуы экранда өз көрінісін тапты. Ауыл мен қала қоғамдарының арасындағы конфликт осы кезең киносында кеңейе түсті. Соңғы жиырма жыл көлеміндегі Отандық көркемсуретті фильмдерде әр түрлі мәдениет өкілдері ретінде экранда ауыл мен қала тұрғындары арасындағы жырақ анық белгілене бастады. Бұл процесс қазақ жана толқынында жарқын көрініс тапты. Қала тақырыбындағы – Рашид Нұғмановтың «Ине» (1988), Баранов пен Қилыбаевтың «Женщина дня» (1989) фильмдері қала мәдениетін білетін, сол мәдениетті сусындап өскен режиссерлармен түсірілді. «Тұтастығында, ауыл және қала мәдениетінің күресі, ауыл мен қазіргі қала тұрғындарының этникалық ділінің сәйкессіздігі, жұмыссыздық пен кедейшіліктен қажу өмірбаев пен Апрымовтың кинокартиналарында экран

бетінде кинематографиялық нақты көрініс алды. Бұл картиналарда ұлттық кеңістік тек ғана өзінің этникалық ділін жоғалтқан жоқ, сонымен қатар адамгершілікке қарсы, адамға қатысты агрессияшыл болды» [4].

Қорытынды

Қазіргі таңда, әлемдік қауымдастық кеңістігінде халқымыз өз орнын іздеп, дәстүрлі болмысымызға, дінімізге, мәдениетімізге қайта үңіліп, тіршілік етіп жатқан тұрмысымызға енгізгісі келетіні анық. Сонымен қоса, бүгінгі әлемді жаулап алған жаһандану үрдісіне байланысты Батыс пен Шығыстың көпшілік мәдениетінің есіп жатқан лебінің әсері әсте бар. Тоқсаныншы жылдардағы депрессиядан шыға

бастаған қоғам, өзінің кімдігін іздестіруге кірісті. Адами құндылықтарын қайтаруға күш салуда, алайда жаһандану заманында тек бір ғана есік емес, бірнеше жолдың алдан шығуы, әр түрлі бағыттарды қалыптастыруда. Бүгінгі қазақ киносында дәстүрлі өмірімізді жырлайтын тарихи фильмдер, кеңес дәуірінің жарқын өмірін аңсайтын фильмдер, капиталист модерн қоғамның күрделі мәселелерін көрсететін заманауи кинотуындылар, және де батыстық пен шығыстық кино сарынында түсірілген киношығармалар орын алуда. Қазақ киносында болып жатқан бұл құбылысты заңды дей аламыз және жаһанданған әлемде өмір сүріп жатқан еліміздің қоғамдағы тіршілігі мен оның кинодағы көрінісі ішкі және сыртқы факторлардан шетте қала алмайтыны анық.

Әдебиеттер

- 1 Жабский М., Тарасов К., Фохт-Бабушкин Ю. Кино в современном обществе: функции – воздействие – востребованность. – М.: НИИК, 2000. – 374 с.
- 2 Нөгербек Б.Р., Наурызбекова Г.Қ., Мұқышева Н.Р. Қазақ киносының тарихы: оқулық. – Алматы: ИздатМаркет, 2005. – 289 б.
- 3 Нөгербек Б.Р. Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. – Алматы: 2008. – 376 с.
- 4 Нөгербек Б.Р. Демифологизация и реконструкция национального пространства в казахской «новой волне» // «Алматы ART» №1, Июль, 2005.

References

- 1 Zhabskiy M., Tarasov K., Fokht-Babushkin Yu. Kino v sovremennom obshchestve: funktsii – vozdeistvie – vostrebovanost'. – M.: NIİK, 2000. – 374 s.
- 2 Nogerbek B.R., Nauryzbekova G.Q., Muqysheva N.R. Qazaq kinosynyng tarikhy: oqulyq. – Almaty: IzdatMarket, 2005. – 289 b.
- 3 Nogerbek B.R. Ekranno-fol'klornye traditsii v kazakhskom igrovom kino. – Almaty: 2008. – 376 s.
- 4 Nogerbek B.R. Demifologizatsiya i rekonstruktsiya national'nogo prostranstva v kazakhskoy «novoy volne» // «Almaty ART» №1. Iyul'. 2005.